











**МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**





Білім мекемесі: Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

ЖЫЛДЫҚ					
№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Қатысқан оқушылар саны	Фото есеп	Сілтеме
1.	«11 қазан - Халықаралық қыздар күніне» орай «Бұрымды қыз» акциясы ұйымдастырылды. Акцияға белсене қатысқан сынып қыздары марапатталады. Мектеп-лицей Парламенті акцияға атсалысып белсене қатысқан сынып қыздарына алғыс білдіреміз!	5-11 сыныптар	1200		https://www.instagram.com/p/Cjvj8TgM-4v/?igsh=MXQybHY4aWVlb3BmYQ==
2.	17.10.2022ж дебат шеберлік сағаты өткізілді. Тренинг 8-9 сынып аралығындағы дебатқа қызығушылығы бар деген оқушыларды қамтыды. Оқушылар арасында өте белсенді коммуникация және рефлексия болды. Дебатқа қызығушылығы бар деген оқушыларды «Мектеп-лицей Парламенті» ұйымы «Дебат фракциясына» шақырамыз. Барлық сұрақтар бойынша «Дебат фракция» министрі Ертай Назеркеге хабарласыңыздар.	8-9 сыныптар	45		https://www.instagram.com/p/Cj0dwJyIstg/?igsh=MWY0N3lsOXlmb3Y4Ng==
3.	«11 қазан - Халықаралық қыздар күніне» орай 10.10.2022-14.10.2022ж. уақыты аралығында мектеп-лицейімізде қыздарға арналған «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тренингі өткізілді. Қыздарға арналған шеберлік сағаттары 8-11 сынып аралығындағы қыздар арасында өтті. Тренинг барысында Мектеп Парламенті мен мектеп-лицей қыздары арасында ашық сұхбаттасу болды.	8-11 сыныптар	363		https://www.instagram.com/p/Cj5xZO4MJOR/?igsh=MTNmMjc2aDBwYWxzcg==

4.	<p>15.11 күні 9-10 сынып аралығында дебат ойындары өтетінін жариялаймыз. 7-8 сыныптар арасындағы дебатқа деген қызығушылығы бар оқушыларды пікірсайыс көрінісін көруге шақырамыз. Арамызда қандай мықты, дара дебатерлер бар екен? Дебат жайлы ақпаратты «Дебат қозғалысы фракциясы» министрі Ертай Назеркеден сұрасаңыздар болады.</p>	7-10 сыныптар	102		<p>https://www.instagram.com/p/Ck4sbeiIVpg/?igsh=MWoyOGt2ZDcyZDQyOQ==</p>
5.	<p>17.11 күні 10-11 сынып оқушыларын «Мектеп-лицей Парламенті» командасы ұйымдастырған «Сен жалғыз емессің» атты қойылымын көруге шақырамыз. Инабат - мектептегі бопсалаудың құрбаны, 9 сынып оқушысы. Мектептегі сыныптастарының бопсалауы, анасымен нашар қарым қатынас – Инабаттың психологиялық күйзеліске ұшырауына әкеп соғады. Бұл оқиға қалай айталмақ? Инабаттың жағдайы не болады?</p>	10-11 сынып	325		<p>https://www.instagram.com/p/Ck49xa2IOAU/?igsh=MXZwcHZvZHg4eXh2NA==</p>
6.	<p>«Мектеп-лицей Парламенті» құрылымы Мектеп-лицей Президенті - Жандилдинова Айлана. Жетістіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өткізілген «Ғылыми әлемәне ұмтылыс» атты ғылыми-зерттеушілік жобасы байқауында ІІ дәрежелі диплом (2021); • 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық лингвистикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде ІІІ дәрежелі диплом; • 9 сынып оқушылары арасында Республикалық лингвистикалық олимпиадасының І дәрежелі диплом; • 8-11 сынып оқушылары 	1,4,8-11 сыныптар	852		<p>https://www.instagram.com/p/Ck5x-s_sggb/?igsh=azFnOHhodWNseWQ5</p>

<p>арасында өткен Республикалық пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңінде химия пәнінен үздік нәтижеге қол жеткізіп I дәрежелі диплом;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Республикалық «Жас дарын» орталығы қашықтықтан ұйымдастырылған «Дарынды Дарабоз» атты балалар байқауында «Хореография» аталымы бойынша «ГҮЛКӨКТЕМ» биі БАС ЖҮЛДЕ; • «Turkestan Music Festival» ашық конкурс-фестивалында Көктем гүлдері биімен БАС ЖҮЛДЕ дипломы; • 8-9 сынып оқушылары аралығындағы Жыр алыбы-Жамбыл атты қалалық байқауында 1 орын дипломы; • 8-9 сынып оқушылары аралығындағы Жыр алыбы-Жамбыл атты облыстық байқауында 2 орын дипломы; • 8-9 сынып оқушылары аралығындағы Пікіталас сайысында «Үздік спикер» дипломы; • 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінде химия пәнінен II дәрежелі диплом (2022) иегері. 				
<p>7. «Психология фракциясы» ұйымы «Психология клубы» және «Сен маңыздысың» атты телеграмм каналын ашылғанын хабарлаймыз. Клубтың мақсаты - оқушылардың психологиялық күй жайын білу, оларға көмек беру және де «Құқық фракциясы» ұйымымен бірге «бопсалау/буллинг» қарсы жұмыс жасау. Каналдың мақсаты - оқушылардың психология жайлы ақпараттармен</p>	<p>5-11 сыныптар</p>	<p>163</p>		<p>https://www.instagram.com/p/Ck7P9JQoVVD/?igsh=MWU4djI5dHhzM3VvMg==</p>

	таныстыру, өзін-өзі дамыту және біздің қолдауымызды қажет ететін әрбір оқушыға көмектесу.				
8.	Жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Осы бағытта "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру барысында 2022 жылдың 2 желтоқсанында «Бақытсыз жамал» кітабы бойынша кітаппен таныстыру және қызықтыру мақсатында өтетін тренингке 9 сынып оқушыларын шақырамыз. Мақсаты: тренинг арқылы оқушыларға қазақ әдебиетін насихаттау, кітап оқу құштарлығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыру.	9 сыныптар	351		https://www.instagram.com/p/ClkX7xvoFDL/?igsh=MTUwM2J0a29mb3gyZg==
9.	09.12 күні 8 сынып арасында «интеллектуалды викторина» сайысы өтетінін хабарлаймыз. Мақсаты - оқушылардың шапшандылығымен, ұжымдастық бірлестік пен көшбасшылық қабілеттерін арттыру. Арамызда қандай мықтылар бар екенін бірге көрейік	8 сыныптар	506		https://www.instagram.com/p/Clv6DEoMGK/?igsh=cWFkMWp5Nnh4dmUx
10.	Мектеп-лицейіміздің «Сәтбаев спартакиадасы» 2010 жылдан бастап жұмыс жасауда. Осы іс-шараны алға тарту мақсатында мектеп-лицей Парламенті «Волейбол лигасын» ашқанын хабарлаймыз. 05.12 - 08.12 дейін «Волейбол лигасының» командаларына 8-11 сынып аралығында іріктеу жүргізіледі. Барлық сұрақтар бойынша «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы	8-11 сыныптар	326		https://www.instagram.com/p/Clxj8TkI3Gp/?igsh=ZWFpMDlmd25mdmI2

	министрі Советов Жалғасқа хабарласыңыздар.				
11.	14 желтоқсан күні сағат 13:00де 9-11 сынып аралығында мектеп-лицей Парламенті ұйымдастыруымен «Бизнес Старт» жобалар байқауы өтетінін хабарлаймыз. Мектеп қабырғасында оқитын бизнес-старттаперлері мен бизнес иегерлерін, болашақта өз бизнес әлемін ашуға үлкен жоспары бар оқушыларды байқауға қатысуға шақырамыз. Байқаудың мақсаты - оқушылардың спикерлік қабілеттерін арттыру, бизнес старттаперлерге қолдауымызды көрсету.	9-11 сыныптар	523		https://www.instagram.com/p/C133KBKMTY/?igsh=ajlydGo5MWN2anBw
12.	17 желтоқсан күні, сағат 11.00-де «Волейбол лигасының» ашылуы және де жарыс өтетінін жариялаймыз. «Волейбол лигасы» 7-10 сынып аралығындағы оқушылардың арасынан іріктелген 5 командамен қамтылған. Алда тағы да командалар арасында жарыстар өтеді.	7-10 сыныптар	205		https://www.instagram.com/p/CmJpQqGMZrM/?igsh=bW5jOWhvbm5rZHE=
13.	20 қаңтар күні сағ. 13:05-те 8-10 сынып оқушыларын мектеп-лицей Парламентімен кездесу конференциясына шақырамыз! Конференция мақсаты - мектепшілік мәселелер мен үздік ұсыныстарды бірге талқылау. Әр оқушының ойы біз үшін маңызды!	8-10 сыныптар	385		https://www.instagram.com/p/CnIT18zoulu/?igsh=ZnVIYzBxZ2d3NHln
14.	Ғылым мен білім адамзатты жыл сайын дамытып келеді. Өтген кейде, сол шектен тыс зерттеу мен жаңалықтың пайдаға емес, зиянға шығатыны бар. Қазіргі жаппай қолданыстағы полиэтиленді 1933 жылы Нортфич зертханасында Фосет пен Гибсон деген екі ғалым ашқан. Олар газдарды жоғары қысымға түсіргенде	8-11 сыныптар	891		https://www.instagram.com/p/CoW3elJgJkl/?igsh=MnZtY2ltcW53ZnIx

тұнып қалған шөгіндіні көреді. Осылай ашылған полиэтилен алғаш Жер шарын орап шыққан телефон сымдарының сыртқы қорғаныш қабығы үшін қолданылған. Екінші дүниежүзілік соғыстан мүлде қирап қалмаған британ аралына елуінші жылдары дүрілдеген даму дүмпуі келді. Елде керемет супермаркеттер пайда болды. Олар тауарларды алғаш полиэтилен пакеттерге салып берді. Алматыға бұл үрдіс XX ғасырдың соңына қарай енді. Алайда, бұл полиэтиленді пакеттердің біздің ғаламшарымызға деген зияны өте үлкен. Қоршаған ортамызда тасталған пакеттер өте көп уақыт сақталады және биологиялық ыдырауға берілмейді. Осылай пакеттер тұрақты ластанудың нысаны болып табылады. Дүние жүзінде бір жылда 4 миллион пакет қолданылады. Жыл сайын Әлем мұхитына 6 млн. 300 мың тонна қоқыс, оның көп бөлігі пластмасса тасталынып жатыр. Полиэтиленді пакеттердің орнына экологияға зиянын тигізбейтін сөмкелерді қолданған жөн. Біз қағаз пакеттерді ұсынып отырмыз, біз оларды «Эко-сөмкелер» деп атадық. Олар өндірісі жағынан да, қоршаған ортаға тигізетін зияны жағынан да полиэтиленді пакеттерге қарағанда көп есе төмен болып келеді. Пластик сөмкелердің орнына эко-сөмкелерді пайдаланыңыз, және сіз біздің планетамыздың тазаруына көмектесе аласыз.

15.	<p>16-17 ақпан аралығында «Бизнеске баулу» апталығы аясында «Мектепшілік жәрмеңке» өтетінін хабарлаймыз</p> <p>Мақсаты: оқушылардың мектеп кезден бастап қаржылық сауаттылықтарын дамыту, өз бизнес-жоспарларын жүзеге асыруға көмектесіп, болашақ мамандыққа баулу.</p>	1-4 сыныптар	385		https://www.instagram.com/p/Cog1Y8nMkLm/?igsh=YWl5bnQlYmtpeTJj
16	<p>14.03 күні сағат 13:00-де 5-7 сынып оқушылары «Asyk action» өтетінін хабарлаймыз. Барлық сұрақтарыңызды direct-ке немесе Бақытжан Нұржанұлымен байланысқа шығу арқылы қойсаңыздар болады</p>	5-7 сыныптар	68		https://www.instagram.com/p/CpuNGxhMVWu/?igsh=OWQwcWFoMjFqdDY4
17	<p>Спорт және салауатты өмір салтына баулу мақсатында «Футбол лигасы» өтетінін хабарлаймыз. ⚽ Командаға іріктеу дедлайны 02.05-04.05 уақыты аралығында болатынын ескертеміз.</p>	8-11 сыныптар	98		https://www.instagram.com/p/Cruym16Mgp7/?igsh=djJrZnZoYnZubjYl
18	<p>6.05 күні сағат 10.00-де «Футбол лигасы» өтетінін хабарлаймыз 🏟 Жарыс 8-10 сынып оқушылары арасында өтеді.</p>	8-10 сыныптар	165		https://www.instagram.com/p/Cr3ig6XI4DS/?igsh=b3hmdm94YmdxMnAx